

ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ №4

Өтілу мерзімі: 21.03.2025 ж

Төрағасы: Азденбаева Р. К

Қатысқандар саны: 6

Қатыспағандар саны: 0

Хатшысы: Мейремхан М

Тақырыбы: Мектепке дейінгі балалардың ерте жастан дамуын бақылау және мониторинг жүргізу

Күн тәртібінде:

«Мектепке дейінгі ерте жастан дамытудың негіздері» тақырыбында баяндама.

Баяндамашы: тәрбиеші.

Мониторинг нәтижелерін алу әдістері.

«Баланың дамуының жеке картасын» толтыру бойынша есеп.

Баяндамашы: тәрбиеші.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша тәрбиеші «Мектепке дейінгі ерте жастан дамытудың негіздері» тақырыбында баяндама жасады. Баяндама барысында ерте жастағы балалардың физикалық, әлеуметтік-эмоционалдық, танымдық және тілдік дамуының ерекшеліктері туралы айтылды. Баланың ерте жастан дамуына қолайлы жағдай жасау, қауіпсіз және дамытушы орта ұйымдастырудың маңыздылығы атап өтілді.

Екінші мәселе бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту процесінде мониторинг нәтижелерін алу әдістері қарастырылды. Балалардың даму деңгейін анықтау барысында бақылау, әңгімелесу, ойын әрекетін талдау, тапсырмаларды орындау нәтижелерін бағалау және педагогикалық бақылау әдістерін тиімді пайдалану ұсынылды.

Үшінші мәселе бойынша тәрбиеші «Баланың дамуының жеке картасын» толтыру бойынша есеп берді. Жеке картаға баланың жеке даму ерекшеліктері, жетістіктері мен меңгеруі тиіс дағдылары туралы мәліметтерді жүйелі түрде енгізудің маңыздылығы түсіндірілді. Тәрбиешілерге картаны уақытылы және нақты мәліметтер негізінде толтыру ұсынылды.

Шешім:

Ерте жастағы балалардың жан-жақты дамуына бағытталған жұмыстарды жүйелі түрде ұйымдастыру.

Балалардың даму деңгейін анықтау үшін мониторинг жүргізудің тиімді әдістерін пайдалану.

Мониторинг нәтижелерін оқу-тәрбие процесін жоспарлау кезінде ескеру.

«Баланың дамуының жеке картасын» белгіленген талаптарға сәйкес уақытылы және сапалы толтыру.

Әр баланың жеке даму ерекшеліктеріне сәйкес жеке қолдау және дамыту жұмыстарын ұйымдастыру.

Жауаптылар: әдіскер, тәрбиешілер.

Орындау мерзімі: тұрақты.

Әдіскер: 
Хатшы: Мейремхан М 